

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы Алтай қаласы әкімінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі № 3 шешімі.
Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 сәуірде № 7028 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 69 – бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 – бабына сәйкес Алтай қаласының әкімі ШЕШТІ:

1. "Казцинк" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің келесі жер учаскелерінде орналасқан жол бойынша Алтай қаласындағы шаруашылық – тұрмыстық канализациясының тазарту құрылыстарына өтуі және жүруі үшін Алтай ауданы әкімдігінің "Жылу – су орталығы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына жер учаскелерін алып қаймастан қырық тоғыз жыл мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін :

Алтай қаласының Грехово кенті мекенжай бойынша орналасқан, 2,1018 гектар, кадастр нөмірі 05-082-010-217;

Алтай қаласының Грехово кенті мекенжай бойынша орналасқан, 6,6445 гектар, кадастр нөмірі 05-082-010-214;

Алтай қаласының Грехово кенті мекенжай бойынша орналасқан, 38,4487 гектар, кадастр нөмірі 05-082-010-248;

Алтай қаласының Грехово кенті мекенжай бойынша орналасқан, 20,3854 гектар, кадастр нөмірі 05-082-010-212;

2. "Алтай қаласы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) аумақтық әділет органында осы шешімнің мемлекеттік тіркеуді;

2) Алтай ауданы әкімінің интернет-ресурсында осы шешімнің орналастыруын қамтамасыз етсін;

3. Осы шешімнің орындалуын өзім бақылаймын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК